

Хаттама

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты Б.Сокпақбаев мектебінде 2024 жылы 10 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Мектеп оқушы, ата-ана" тақырыбында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың күн тәртібінде:

1. Мектеп ережесін сақтау;
2. Ұялы телефонға тыйым салу (ата-аналардың жауапкершілігіне жүктеу)
3. Көлік басқаруға, тойхана, кафелерде жұмыс жасауға, түнгі уақытта жүруге тыйым; (ата-аналардың жауапкершілігіне жүктеу)
4. «Бала құқығы- басты құндылық» жайлы (ата-аналарға түсіндірме жұмысы)

Мектеп басшысы Е.Ақбердиев сөзінде оқушылардың мектеп ережесін сақтауын, оны ата-ана үнемі қадағалау жасап отыруларын айтты. Мектептің ішкі-сыртқы жұмыс жоспарымен және мектепте оқушылар үшін жасалынып жатқан жақсы игі істермен таныстырып, айтып өтті.

Ата-аналар кеңесінің төрағасы: О.Назарбеков өз сөзінде ата-аналарға бала тәрбиесіне немқұрайдылық танытпауларын, ауызбіршілік пен ұйымшылдықпен жұмыс жасау керектігіне тоқталды.


ДТЖЖО: А.Байқоңырова өз сөзінде жиынға қатысқан ата-аналарды биылғы жаңа оқу жылдарымен құттықтап, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Оқушылардың құқықбұзушылыққа жол бермеулерін, діни экстремизм сайттарына кіріп кетпеуін әрдайым ата-ананың назарында болу керек екендігін айтып өтті. Қазіргі таңда оқушылардың боянып келмеуі, мектеп формасының сақталуы ата - аналарға тікелей байланысты екендігін атап айтты. Алдында өсіп келе жатқан ұл-қыздарының тәрбиесіне жіті көңіл бөлулерін, олардың болашағы сіздердің қолдарыңызда.

Педагог-психолог: Н.Халмуратова ата-аналарға "Бала құқығы- басты құндылық" атты тақырыпта слайд көрсетіп түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар ата-аналарға "Бала ата-ана көзімен" тақырыбында тренингін жүргізілді. 2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналарға психологиялық-педагогикалық жеке сүйемелдеуді жүргізуге келісіммен таныстырып хабардар етті.

Мектеп әкелер кеңесі Т.Сахов жиналысқа қатысушы ата-аналарға "Тәрбие тал бесіктен" дей келе үнемі қатты көңіл бөліну керектігін баса айтты.

Жиын барысында ата-аналар оқушылардың сабақ кезінде ұялы телефон (смартфон) ұстауға қарсы екендіктерін білдіріп, бір ауыздан келісіп, қолдады.

"Бала құқығы- басты құндылық" атты тақырыпта слайд көрсетіп түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар ата-аналарға "Бала ата-ана көзімен" тақырыбында тренингін жүргізілді.



Хаттама

Б.Соқпақбаев атындағы білім беретін мектебінің 5 «В» сынып оқушыларының ата - аналары арасында жиналыс болып өтті.

Өткізу күні: 14 қазан 2024 жыл

Жалпы оқушы саны – 23

Қатысканы – 17

Б.Соқпақбаев атындағы білім беретін мектебінің педагог-психологы Л.Калиева 14 қазан 2024 жылы, «Ата-анамен бала қарым қатынас мәселелері» атты тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізіп, осы тақырыпта баяндама оқыды. «Балам менің көзіммен» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Сондай-ақ отбасылық құндылықтарды насихаттау.



Б.Сокпақбаев атындағы білім беретін мектебі

Хаттама

Б.Сокпақбаев атындағы білім беретін мектебінің тәрбие саласы және медбике, 5-11 сынып жетекшілерімен деструктивті және аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу мақсатындағы "Бестерек" жобасындағы толықтырулар мен өзгерістерге байланысты мектепшілік оқу семинары өткізілді.

Өткізілген күні: 30 қыркүйек 2024 жыл
Қатысқаны – 16 мұғалім

Фейзбук сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/p/1GbDPP29T5/?mibextid=qi2Omg>

Сынып жетекшілерге арналған түсіндірме жұмыстары «Бестерек» бойынша



<https://www.facebook.com/share/p/1GbDPP29T5/?mibextid=qi2Omg>

Б.Соқпақбаев атындағы білім беретін мектебі

Хаттама

Б.Соқпақбаев атындағы білім беретін мектебінің 8-11 сынып қыздарымен ертежүктіліктің алдын алу бойынша «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген күні: 17 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқаны – 8-11 сынып қыздары

Өткізілген орны: Мектеп акт залы

Педагог-психолог Л.Калиева

«Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында баяндама
қыздар жиналысында.

